

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ
14 қараша, 2025 жыл

Астана, 2025

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

Редакция алқасы: Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР» көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз	3
Құттықтаулар	5

Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы	44
<i>Metin Ekici. Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları</i>	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері	61
<i>Fazıl Özdamar. Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri</i>	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде)	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні)	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

**2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы
және мемлекетшілдік мұрат**

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде)	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор	251

**3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері
және пәнаралық ықпалдастық**

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде)	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida)</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері)</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде)</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты</i>	366

АЛЫПТАР ТОҒЫСЫ
(Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі
зерттеулерінің әдеби-рухани мәні)

Рақымжан ТҰРЫСБЕК,
филология ғылымдарының докторы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті қазақ әдебиеті кафедрасының
профессор, Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада академик С.А.Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі іргелі ізденістері мен зерттеулері кең түрде сөз етіледі. Бастапқы тұста, Абай мен Жамбылдың есімі мен еңбегіне кең орын беріліп, ақындық өнердің қыр-сыры ашылады. Дарын даралығы, талант табиғаты, қалам қуаты айқындалып, оның өзі асыл сөз мәнімен, көркемдік арналармен байланыстырылады. Кезекті тұста, академик Сейіт Қасқабасовтың әр жылдардағы елеулі еңбектері мен зерделі зерттеулеріне («Жаназық», «Елзерде», «Ойөріс», «Родники искусства», «Колыбел искусства», «Золотая жила» т.т.) мән беріліп, ондағы мифология құбылысы, фольклор арқауы, асыл сөз арналары айқындала түседі. Ондағы жанрлық жүйе мен поэтика мәселелері, тарихилығы мен типологиясы, стильдік сипаттарына назар аударылады. Осының негізінде, қазақ сөз өнеріндегі екі алып – Абай мен Жамбылдың шығармашылық қазынасы кең көлемде қарастырылады.

1 «Абай тағылымы мен дәстүрін қалай дамытымыз?»

Ұлт руханиятының қазыналы биігіне көтерілген, көркемдік көкжиегіндегі жарық жұлдыздарымыз Һәм мерейлі мақтанштарымыз - Абай мен Жамбылдың есімі мен еңбегін еске алған тұста: ақыл-парасаттан тұратын - даралығы мен даналығы, өмір мен өнердегі ұстанымы-сыншылдығы мен сыршылдығы, ұлт пен ұрпаққа қатысты-ойшылдығы мен өршілдігі, қысқасы ақындық Һәм жыраулық-жыршылық өнерлерімен тамырлы тарихымызға еркін енген, таным арналарының даңқты тұғырына көтерілген, жасампаздық қырлары мен шығармашылық мұрасы да алыс-жақынға самаладай сәулесі мен мейірім шуағын молынан түсірген бірегей болмысты, біртуар құбылысты, өзгеше жаратылыс иесін, телегей теңіздей талант табиғаты мен тағылымын айқын аңғарар едік. Абай мен Жамбылдың ақындық өнері, шығармашылық қазынасы, ол жайлы ойлар мен толғаныстар, зерттеу еңбектері осыны айқындай түседі [1,5; 200 б].

Академик Сейіт Қасқабасовтың әр жылдардағы іргелі еңбектері мен зерделі зерттеулеріне («Жаназық», «Елзерде», «Ойөріс», «Родники искусства», «Колыбел искусства», «Золотая жила» т.т.) жіті көз, сергек көңілмен қараған кезде - мифология құбылысы, фольклор арқауы, асыл сөз арналары айқындала түседі. Табиғаты мен тағылымы, өзіндік алғышарттары, жанрлық жүйесі мен поэтика мәселелері, тарихилығы мен типологиясы, стильдік сипаттары да танылып, қыр-сырын айқара ашады. Асылы, академик С.Қасқабасовтың біліми-ғылыми ізденістері мен зерттеу-зерделеу нысанынан айқын аңғарылатын басты арналар:

- халық әдебиеті нұсқаларының(аңыз,эпсана,хикаят) табиғаты мен тағылымы;

- қазақ халық прозасының әуелгі бастауы мен негіздері;
- фольклор жанрларының жүйесі мен көркемдік қызметі
- ел әдебиетіндегі ертегі жанрларының поэтикасы;
- ұлттық миф пен әлемдік мифологияның тарихилық Һәм сабақтастық сырлары, методологиялық-типологиялық негіздері мен көркемдік-эстетикалық құндылықтары;

- ақын-жырау мен жыршылардың түп-тегі, тарихи-танымдық аспектісі, әлеуметтік функциясы, мәдени-рухани сипаты;

- танымал тұлғалардың (Махамбет, Абай, Жамбыл, т.б.) кезеңі мен қызметі, өмірі мен шығармашылығы т.т. болып табылады [2, 344 б] .

Ал, Абай мен Жамбылдың шығармашылық мұрасы - «Абай» (2010), «Жамбыл» (2011) сынды әр жылдардағы ізденіс арналарынан, бірқатар мақала, сұхбаттарда кең орын алады [3, 19; 238 бб].

Академик С.Қасқабасов Абай әлеміне енген тұста - адамдық Һәм азаматтық ажарын, ақындығы мен ойшылдығын, сыншылдығы мен сыршылдығын, қысқасы жалпыадамзаттық құбылысы мен ренессанстық сипаттарын әр қырынан ашып (мысалы, «Абай және фольклор», «Абай және ұлттық идея», «Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті», «Абай поэзиясының ренессанстық сипаты», «Абай поэзиясының табиғаты туралы тезистер», «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі», «Веха в абаеведении», «Пушкин и Абай-поэты ренессансного типа», т.т.), фольклор шындығы мен бүгінгі үрдістің ортақ тұстары мен сабақтастығына мән беріп, осы бағыттағы зерттеу мен зерделеулерге жіті ден қояды. Сондай-ақ, Абай әлемі мен мұраты төңірегіндегі тақырыпты ашу мен тану мақсаттары, талдау мен салыстыру-салғастырулары, ой айту мүмкіндіктері мен тұжырым жасау жолдарынан да іргелі ізденістер, дәлдік пен деректілік, біліми-ғылыми тереңдік, қолтаңба өзгешелігі, көзқарас-ұстанымдары, оны жеткізу сипаты айқын аңғарылады.

Осы реттен келгенде, «Ескендір туралы қазақ ертегілері және Абайдың «Ескендір» поэмасы» атты зерттеу мақаласы халық әдебиеті нұсқаларын, мифтік-діни арналарды, Шығыстан келген ертегі-жырлар мен Ескендір төңірегіндегі сюжеттер желісін өз ара салыстырып, зейінді зерделеп, байыпты саралайды. Әсіресе, қазақ ертегілері мен шығыс халықтары ертегілерінің тарихына, Ескендірдің мүйізіне қатысты құпияның сюжеттік сыр-сипаттарына, ең бастысы Абайдың «Ескендір» атты поэмасының әуелгі негізі мен сюжеттік желілеріне, аңыз-әңгімелердің маңыз-мәніне көңіл бөледі. «Александрия» шығармасы мен оның аудармаларына, Фирдаусидің «Шаһнамасы» мен М.Қашғари, Рабғұзи еңбектеріндегі ұқсас-үндес жәйттерге, «Ескендір» мен «Талмуд» әңгімелеріне талдау-салыстырулар жасайды. Ондағы тақырыптық ерекшеліктерге, мазмұн байлығы мен құрылым жүйесіне, мәтін негізі мен көркемдік құбылыстарға, жазылу тарихы мен таралу жолдарына назар аударылады. Абайдың Ескендір бейнесін Шығыс классиктерінен (мысалы, Науай, Низами, Фирдауси т.т.) өзгеше көрсетіп, жаңаша ізденістерге, мәтін құрылымына, ақындық өнердің қуаты мен құпиясы негізінде бейнелеуі мәнді, қонымды көрсетіледі. Бастысы, Ескендір туралы әңгімелер мен оның әр

түрлі сюжеттері қатар көрсетіліп, өз ара салыстырылуы-дәлдік, көркемдік, ғылыми жағынан мәнді болып табылады. Батыс пен Шығыс, орыс әдебиеттерінің әсер-ықпалына да тиісінше назар аударылады. Нәтижесінде: «Біз іздеу үстінде «Ескендір» сюжетін А.С.Пушкиннің ұстазы атақты В.А. Жуковскийдің «Екі повесть» атты шығармасынан кездестірдік. Сөз жоқ, Абай өз поэмасын Жуковскийді оқи отырып жазған. Бұған дәлел: біріншіден, Абай мен Жуковскийдегі сюжеттік, әрі тексттік дәлме-дәл ұқсастық болса, екіншіден, батыс және орыс әдебиетінің классиктерін ұстаз тұтқан Абайдың А. Пушкиннің ұстазы В.А. Жуковскийді оқымауы мүмкін емес», - деген қорытындыға келеді (12 бет). Ақын әлемі мен мүмкіндіктері, мәтін құрылымы мен көркемдік құбылысы да басты назарға алынады. Осы бағыттағы зерттеу жүйесі төмендегіше түйінделеді: «Абайдың сюжетке енгізген енді бір өзгерісі – поэманың басында Ескендірдің аты-жөнін, әкесін, тұрған жері мен патшалығын көрсетуі және Ескендірдің ұстазы Аристотельдің образы. Бұл өзгеріс, сөз жоқ, ақынның Александр Македонский туралы тарихи деректермен таныстығының куәсі. Демек, Абай «Ескендірінің» негізгі арқауы ең алдымен В. Жуковский поэмасы: Абай ол поэманы еркін түрде аударған; Жуковскийде жоқ эпизодты Талмудтан қосқан; сөйтіп, екі шығарманы қатар пайдаланған. Бұл екеуінде жоқ жәйтті өзіне мәлім тарихи деректермен толықтырған. Сөйтіп, Абайдың өзіндік жаңа шығармасы – «Ескендір» поэмасы дүниеге келген» (14 бет).

Ал, «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі» атты мақалада түркі халықтарында, қазақ фольклоры мен жазба әдебиетінде кездесетін Ескендір төңірегіндегі эпсана-хикаят, қиссалар хақында, Низами мен Абайдың «Ескендірі», ондағы сюжеттік желі, мазмұн-құрылымдағы өзгешеліктер туралы, Шамиссоның шығармасын аударған В.Жуковскийдің түпнұсқалары өз ара байланыс, салыстырулар арқылы әдеби-ғылыми тұрғыдан талданады. Ескендір туралы әңгімелер топтамасы, оның мүйізі мен су іздегені хақындағы эпсана-хикаяттар да Абай поэмасы төңірегінде жаңаша сараланып, әр қырынан көрсетіліп, өз ара салыстырылып, дәйек-деректер негізінде кең өріс алады. Автор түйінді тұста: «Біздің көздегеніміз – жаңа материалдар мен ізденістердің негізінде Абайдың «Ескендір» поэмасының сюжеттік туа төркінін табу еді. Осы тілекті орындау барысында тағы бір көзіміз жеткен нәрсе – Абайдың нағыз ұлыларға лайық диапазоны. Ол орта ғасырлардағы Шығыстың да, Батыстың да ұлы классиктерін білумен бірге көне дәуірдің жазба ескерткіштерін және жаңа замандағы аса көрнекті ақын-жазушылардың творчествосын, бүкіл болмысын жақсы таныған. Олай болса Абайдың Ескендір образына баруы кездейсоқ нәрсе емес.

Шығыста Фирдоуси, Низами, Джамии, Науаи; Батыста Лампрехт, Ламберу, Бернэ, Шатильонский, Шамиссо; ал Ресейде Жуковский жырлаған Ескендір Абайды да қызықтырған. Сөйтіп, ол «Ескендір» поэмасын жазып, әлемдік «Ескендір-намаға» өзіндік үлес қосқан», - деп жазады (29 бет). Бұл реттен алғанда, «Ескендір» туралы зерттеу мен жерделеу жүйесінен:

- мәтін құрылымы мен сюжет төркініне мән беру мұраты айқын;

- аңыз-әңгіме желісі мен эпсана-хикаят сюжеттерінің өз ара салыстырылуы әдеби-ғылыми тұрғыдан маңызды сипат алады;

- мүйізді Ескендір мен өлмес суды іздеген Ескендір хақындағы аңыз-әңгімелер, «Әбілхаят суы» мен Қызыр туралы хикаяттар,Талмудтағы мысал-әңгімелер желісі т.с.с. әр қилы дәйек-деректер, алуан нұсқалар мен көзқарастар, қосымша материалдар жиынтығы негізінде кең өріс алатындықтан, іргелі ізденістерге, жүйелі талдау-салыстыруларға, түйін-тұжырымдар жасауға мол мүмкіндіктер береді.

Кітапқа енген - «Абай және фольклор» атты зерттеу мақала тақырыптық ерекшелігімен бірге мазмұндық-құрылымдық қырларымен (мысалы, «Беташар», «Абай өлеңдеріндегі фольклорлық жанрлар мен поэтикалық көріністер», «Абай поэмаларында фольклорлық сюжеттердің пайдаланылуы», «Абайдың кейбір мақал-мәтелдер туралы пікірлері», «Түйін»), поэзиялық мұрасы мен қарасөздеріндегі жалпыадамзаттық мәселелерді ұлт руханиятының жаңалық-жетістіктері, құрамдас бөлігі негізінде сөз етуімен де маңызды мәнге ие болғанын аңғарар едік.

Атап өтер жәйт:аталмыш мақаланың «Беташар»бөлігінде - академик-жазушы М.Әуезовтің Абай туралы монографиясындағы ақын нәр алған, негізтірек еткен үш сала, білім-ғылым ісіндегі Абайтану арнасы, Батыс пен Шығыс, Ресей халықтарының мәдениетін шығармашылық мұрасына арқау ету арқылы ұлт руханиятын жаңа биік, кең өріске шығарғанын жүйелі жеткізеді. «Бұл тұрғыдан келгенде,-деп жазады автор: - Абайдың шығармашылығы, ой-пікірлері ренессанстық сипатта болады, ол Адамды, оның рухани азаттығын, білімділігін барлық мәселеден биік қойды, қоғамдағы адам рөліне айрықша мән берді. Сөйтіп, толымды адам туралы өз концепциясын ұсынды, өмірдегі барлық проблеманың кілті Адам деп тапты, яғни гуманистік пайымды өз философиясының негізі етіп алды. Әдебиетті де осы тұрғыдан бағалады, оны бұрынғы жыраулардан келе жатқан мемлекеттік қызметтен азат етіп, адамның ішкі дүниесіне, тіршілік-түсінігіне, көңіл-күйіне бұрды, оның бейнелік әрі көркемдік сапасына ерекше мән беріп, әдебиеттің эстетикалық мән-маңызын арттырды. Осы шартты данышпан ақынның фольклорға деген көзқарасынан да, оны пайдалану принципінен де көруге болады. Фольклорлық материалды көркемдеп баяндағанда да, саралап талдағанда да темірқазық етіп ұстаған басты идеясы – Адам болды. Ал, Адамды жетілдіретін бірден-бір нәрсе ғылым мен еңбек демократиялық дүниетанымын жария етті» (32 бет).Осылайша, автор білім негізі мен ғылым өрісін, еңбек сипаты мен дүниетаным арналарын - Адам әлемімен, әрекет-қимыл, ақыл-парасатымен сабақтастықта сөз етеді. Ақын мұрасының биік мұраты: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», немесе: «Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой»,-деген қағидатты көзқарас- ұстанымы бар қырынан терең танылады.

Ал, «Абай өлеңдеріндегі фольклорлық жанрлар мен поэтикалық көріністер» атты алғашқы бөлікте ақынның халық әдебиетіне қатысы, көзқарасының қалыптасуы, шығармаларында пайдалану жолдары, дәстүр мен сабақтастық сырлары кең орын алады. Автор Абайдың фольклормен танысуын,

оның өзін ерте меңгергенін бірнеше бағытта көрсетеді: «Мұның мәнісі – біріншіден, ақынның қазақ ертегі-аңыздарын, мақал-мәтелдері мен жұмбақтарын, өлең-жырларын бала кезден естіп, бойына сіңіріп өскендігінде, өмір бойы фольклорлық дәстүр ортасында болғандығында. Екіншіден, сол кезде әр түрлі мақсат, себептермен жарық көрген фольклорлық жинақтарда жарияланған ауыз әдебиеті үлгілерін оқыды, оларға айтарлықтай көңіл аударып отырды. Үшіншіден, араб, парсы, түркі тілдерінде жазылған шығыс әдебиеті классиктерінің шығармалары мен алуан түрлі қисса-хикаяттарға, дастандар мен тәмсіл-мисалдарға ден қойды. Олардың дені фольклорлық екені аян. Төртіншіден, орыс классикалық әдебиетімен қатар, олардың фольклорлық үлгілерімен де жақсы таныс болды, тіпті олардың кейбіреулерін қазақшаға аударды. Абай ғылымның пайдалы екенін түсінгендігінің арқасында ел ішінен қолөнер бұйымдарын жинастырып, Семей музейіне тапсырып отырды, маңайындағы ақын-жыршыларға халық арасына кең тараған жырларды қайта жырлауды, оларды хатқа түсіруді жүктеп, міндеттеп жүрді. Міне, осының бәрі ұлы ақынның фольклорға деген көзқарасын қалыптастырғаны күмәнсіз және оның фольклористік еңбегін мінездейтіні де даусыз»(32-33 бет).

Абай өлеңдерінде халықтық һәм жыраулық поэзияға тән белгі-ерекшеліктердің барын, фольклорлық жанрлардың, айтыс түріндегі өлеңдердің ұшырасатынын, адам портретін ел әдебиетінің көркемдік тәсілдері негізінде жан-жақты ашатынын тап басып көрсетеді. Сондай-ақ, Абайдың қазақ фольклорындағы ғашықтық тақырыптағы екі сюжетті пайдалануы, оның өзі халық әдебиетінде кең өріс алғаны, оған реалистік сипат бергені, балладалық мәнге ие болуы кеңінен көрсетіледі. Ал, шығыс сюжетіне негізделген поэмалар жазып («Ескендір», «Масғұт», «Әзімнің әңгімесі»), нәтижесінде - «...өзінің идеялық-эстетикалық және гуманистік ойларын айтуға пайдаланған» тұстары (43-бет) дәлелді дәлдікпен беріледі. Ескендір төңірегіндегі аңыз-әпсана, хикаяттар да, әр түрлі сюжеттер желісі де, оны көркем әдебиет материалы негізінде пайдалану жолдары да алуан салыстыру, тану-талдаулар арқылы байыпты баяндалады.

Ал, Абайдың мақал-мәтелдерді өзінің шығармаларында, әсіресе тақырыптың мазмұн байлығын арттыру ісінде, мәдени-рухани һәм философиялық түйін-тұжырымдарын тиянақтау тұстарында тиімді пайдаланғаны мәнді сипат алады. Бұдан басқа: «Абай мақалдарды халықтың өмірімен және тарихымен тығыз байланыста алып қараған, оларды қоғамдық мәні тұрғысынан бағалап, өзінің қазақ тарихына, этикасына, дініне, дүние танымына деген көзқарасына сәйкес талдаған. Егер топтап айтар болсақ, мақал мен мәтелдерді талдау барысында Абайдың көтерген мәселелері – адамгершілік, ынтымақтастық, татулық; әділдік, еңбекшілдік, адалдық, талапкерлік, талаптанушылық, ел тарихы. Бұл мәселелерді ол жеке, жалаң түрде алмай, мақалдарды талдау барысында зұлымдық, сұрқиялық, екіжүзділік, барымташылық тәрізді мінез-құлықтарға қарсы қоя отырып қарастырады » (63 бет), «...Абай кейбір қазақ мақалдарының генезисін ашады, олардың шығу тарихын да сөз етеді. Айталық, «аруақ аттаған оңбайды», «ер азығы мен бөрі

азығы жолда», «аттанып барып жылқы алған, ат үстіне ұйқы алған» деген мақалдарды ол Шыңғыс ханнан кейін, оның ұрпақтары тұсындағы алауыздық пен барымташылықтың үдеген шағында пайда болған деп тұжырымдайды. Сондай-ақ, Абай қазақта мақал болып қалған «жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды, қой жылы зеңгер тоғыс болды» дегені, «Самарқанның сар жолы, Бұланайдың тар жолы» дегені – бәрі Шыңғыстың сапарын көрсеткен сөз» деп жорамалдайды. Демек, ол бұл мақалдардың да шығуын Шыңғыс дәуірімен, тарихпен байланыстырады. Абай әрі қарай «Бұланайдан үлкен тау болмас, бұланнан үлкен аң болмас» деген мақалды Гималай, яки Үндүкеш тауына қатысты айтылған болуы мүмкін деген қызықты болжам айтады» (67 бет).

Негізінен, Абай әлемі, ондағы фольклор шындығы адам мұраты, өмір мәні, тұрмыс-тіршілік иірімдері төңірегінде кең өріс алады. Ол туралы: «Абай фольклорға ақын есебінде ғана емес, сондай-ақ ойшыл зерттеуші ретінде де барған. Өзінің көркем поэзиясында ол, негізінен, фольклорлық сюжет пен поэтиканы пайдаланса, қара сөзінде фольклорды тарихи-қоғамдық тұрғыдан қарастырып талдайды. Оның кейбір қазақ мақалдары мен мәтелдерін талдау принципі, зерттеу аспектісі ақынның өлеңдерінде көтерген проблемаларымен үндесіп жатады: қалай да адамды түзеу, сол арқылы қоғамды жөндеу. Ал, мұның өзі, бір жағынан, ислам дінінің иманды адам, жақсы қоғам туралы, хақ жолы жөніндегі түсінікпен де байланысып жатады», -деп жазады (70 бет).

Кітаптағы «Абай поэзиясының ренессанстық сипаты» атты мақалада ұлттық сөз өнеріндегі жыраулар мұраты мен мұрасы, шығармаларының әлеуметтік-гуманистік қырлары айқындалып, Абай әлеміндегі адам өмірі мен еңбегі, ақыл-парасат өлшемі, көңіл-күйі мен сыр-сезімдері сараланады. Ақынның адамтану ісіндегі ізденіс мұраттары, әлеуметтік орны мен маңызы көрсетіледі. Адамның қасиеті мен құдіреті, рухани азаттығы, ар-ождан, ой-сезім тәуелсіздігі айқындалады. Осының негізінде - Ренессанстық тұлға деңгейіне көтерілу қырлары, әлеуметтік мәні, сыр-сипаттары ашылады.

Сол секілді, әсіресе «Абай және ұлттық идея» атты мақалада - ұлт, ел, жұрт жайы айқындалып, ақын мұрасындағы - ұлт болу, ұлтты жетілдіру мәні сөз етіледі. Мемлекеттік Һәм этникалық ұлт, идея мен мүдде мәні кеңінен ашылады. Нәтижесінде, ұлттық мемлекет құру, соған қалтқысыз қызмет ету жәйі кең түрде қозғалады. Сондай-ақ, «Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті», «Абай поэзиясының табиғаты туралы тезистер», «Веха в абаеведении», «Пушкин и Абай-поэты ренессанского типа» сынды мақалалар топтамасында ақын мұрасындағы жаңашылдық пен әділеттілік, сыншылдық пен шыншылдық, дәстүр тағылымы төңірегінде кеңінен ой қозғалады. Абай әлемі мен шығармашылық мұрасындағы гуманизм арналары, дәстүр мен сабақтастық сырлары, көркемдік мұраттар жүйесі, ақындық өнердің қағидаттары т.с.с. алуан қырынан ашылып, сыр-сипаттары айқындалып, мәдени-рухани құндылықтарына, дүниетаным иірімдеріне ерекше мән беріледі. Мұның өзі академик-жазушы М.Әуезовтің Абай әлемі, шығармашылық мұрасы хақындағы құнды көзқарас, маңызды ойларымен берік байланысып жатады: «...Абайдың

өлеңдері мен қарасөздерінде біз патшалықтың дәл өзін сынап, қарсылық сөз сөйлегенін кездестіре алмаймыз. Бірақ сол патшалықтың қазақ елі сияқты бұратана жұртты билеп отырған системасын және губернатор, ояз, болыс, тілмәш, би, старшын, елубасы, атшабар, онан соң жаңағы қазақтан шыққан ұсақ чиновниктер бар, осылардың барлығын барынша әшкерелеп, масқаралап, мінегенін көреміз.

...Абай Шоқан мен Ыбырай сияқты қазақ елі тек орыс халқының ұлы мәдениетінен, әлемдік ел қазынасынан тәрбие-тәлім алса ғана жарыққа жететінін білген. Бұл жайды тек халқы туралы ғана емес, Абай өзі туралы да қоса ойлаған. Ел-жұртын үгіттеумен бірге ең алдымен өз білім тәрбиесін, әсіресе жазушылық, әлеуметтік еңбек талабын, бұрын, бұның алдында өзге ақындар бармаған бағытқа, түспеген арнаға салды. Оны классик Абай еткен де осы бақытты бағыты мен қажымас еңбегі. Сондай ұлы жолға түскен себепті, өзінің еңбектерінде мүлде жаңа, ерекше қасиеттер көрсетті де, Абай біздің әдебиетіміздің ұлы классик Абайы болып шықты» [4, 11; 15 бб].

Негізінен, академик С.Қасқабасовтың «Абай» атты әр жылдар мақалаларының топтамасы - Абайдың ақындық һәм азаматтық тұлғасын, шығармашылық мұрасындағы жалпыадамзаттық мәселелерді кеңінен қозғап, әлеуметтік-гуманистік арналарына еркін еніп, танып-талдап, бүгінмен байланысын да жан-жақты ашып, жүйелі сөз ететін толымды туынды.

2. «Жамбыл - екі дәуірдің поэзиялық жылнамашысы.

Академик С.Қасқабасовтың «Жамбыл» атты әр кезеңде жазылған мақалалары мен сұхбаттарынан тұратын кітабы - ұлттық сөз өнері, ақындық өнер мен жырау-жыршылық дәстүр тағылымы туралы елеулі еңбек.

Кітаптың тұтас табиғаты мен тағылымынан даңқты ақын-айтыскер, абыз жырау, жыр жампозы, сөз саңлағы - Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылық мұрасы, қоғамдық құбылыстар мен кезең көріністері, замана шындығы мен уақыт тынысы, тарих пен таным арналары, ұлт пен ұрпақ жалғастығы, отан мен отбасы орны, тәлім-тәрбие иірімдері кең көлемде танылады (мысалы, «XX ғасырдың ұлы жырауы», «Жамбыл: его время и поэзия», «Лук - домбра, а песни - стрелы», «Тоқсаныңда толғанып...», «Умеющий зорко предвидеть судьбу», «Жамбылтанудың келелі мәселелері» т.т.).

«XX ғасырдың ұлы жырауы» атты мақала ұлттық сөз өнеріндегі-жырау, жыршы, ақын атауы, әлеуметтік мәні, сыр-сипаттары жаңашыл бағыт, көзқарастар тұрғысынан кең түрде қарастырылады. Автор бастапқы тұстан-ақ жырау, жыршы, ақын сында киелі өнердің ұлт руханиятына қатысын, әсіресе Ж.Жабаевтың шығармашылық мұрасына тән екенін тап басып көрсетеді: «Қазақ поэзиясында жырау, жыршы, ақын деген үш атау талант иелерінің үш сипатын, әдебиетіміздің әр дәуіріне сәйкес үш түрін, дәлірек айтқанда үш кезеңін көрсетеді. Бұлар-импровизаторлық өнердің ғана үш өкілі емес, сонымен қатар ауыз әдебиетінің өмірді, ел тағдырын, қоғам тіршілігін бейнелейтін үш тәсілдің иелері десе де болады. Жырау-қазақ мемлекетінің бас идеологі ретінде толғанса, жыршы-елдің ерлерін негізгі тақырыпқа айналдырады, ал ақын-адамның тіршілігі мен сезімін суреттейді. Демек, үшеуі-сөз өнеріміздің ауызша түрінен

жазбашаға қарай дамуындағы үш саты. Сол себепті бұл үш өнер бір кісінің бойынан табыла бермейді, ол тек ілуде бір, ұлы таланттарда ғана кездеседі. Сондай адамдардың бірі, бірі ғана емес, бірегейі - Жамбыл. Жәкең өзін әрі жырау, әрі жыршы, әрі ақын ретінде сезініп, өлең-жырларында соны ашық айтып отырады»(6- бет).

Автор Жамбылдың екі ғасырды қамтыған өнегелі өмірі мен өшпес даңқына, кезеңі мен қоғамдық ортасына, тарихтың аумалы-төкпелі, бұралаң-қалтарысты, қайшылықты-көлеңкелі тұстарына жіті мән береді: «...Ол Қазақ хандығының жойылғанын, елінің отарлыққа түскенін, қазақ даласына Ресейдің әкімшіл-отаршыл басқару жүйесін орнатқанын, сонымен қатар көрші жатқан Қоқан хандығы мен қырғыз манаптарының қазақ ауылына жасаған жаугершілігін көрді. Бұлар ғана емес-Жамбылдың көргені. Ол өз жеріне орыс казактары мен шаруаларының қоныстанып, жергілікті мал баққан қазақ жұртының шөлді аймаққа қуылғанының куәсі болды. Қазақстанда совет өкіметінің орнауы, ақ пен қызылдардың соғысы, атамандар мен комиссарлардың лаңы, конфискалаудың зорлықпен жүзеге асқаны, ең ақыры, «халық жауларының» ұсталуы мен жазалануы-бәрі-бәрі оның көз алдында өтті. Сол себепті Жамбылдың «Кең жатқан байтақ-ұлан шежіремін, тарихтың домбырасын қолына алған», -деп айтуы тегін емес. Осы көргені мен білгенінің бәрін Жәкең өз поэзиясына арқау еткен, оны бірде жырау, бірде жыршы ретінде, бірде ақын болып жырлаған, толғаған, суреттеген»(7-бет).

Кітапта Жамбылдың өзіне дейінгі өмір сүрген-жырау, жыршы, ақындардың мұра-мирастарын жетік білгені, халық поэзиясы мен импровизаторлық өнерді меңгергені, Қырғыз елі мен мәдениетін бойына сіңіргені, «Манас», «Ер Төстік» сынды жыр жауһарларын еркін айтып-жырлағаны жүйелі жеткізіледі. Тиісті тұста, Жамбылдың шыншылдығы мен сыншылдығы-қазақ ауылын, өмір-тұрмыстарын, адамның мінез-құлқын, іс-әрекеттерін көрсетуде танылатыны, осы кезеңде-арнау мен мысқыл өлеңдер, айтыстары кеңінен көрінгені баса айтылады. Жамбылдың «даралық мені», айтыс өнеріне жаңа сипат, тың тақырып, өзгеше мазмұн, рух бергені-Досмағамбет, Құлмамбетпен жыр сайысына түскенінен танылса, «Өтеген батыр», «Саурық батыр», «Сұраншы батыр», «Көрөғлы» жырларын эпостық дәстүр аясында дамытып, оған еркіндік пен кеңдік, тереңдік сипаттарын дарытқаны мәнді сөз етіледі. Эпос пен оны айтушы, өзіндік өзгешелігі бары да Жамбыл төңірегінде кең өріс алады: «...Жамбыл батырлар туралы жырлағанда жай жыршы болып қана көрінбейді. Оның ақын екені мұнда да айқын көрініп тұрады. Жәкең жырлаған «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Көрөғлы» дастандарында әжелгі эпостық дәстүрдің көп белгілерімен бірге біраз өзгешеліктері бар. Әсіресе, ондай айырмашылық қаһармандардың күйінген сәттерін беруде, сондай-ақ эпоста мүлде жоқ табиғат суреттерін бейнелеуде және ескі батырлар жырына тән кейбір байырғы мотивтерді түрлендіруде көрініс береді. Бұл тұрғыдан келгенде, Жамбылдың жыршылық өнері арнайы қарастыруды талап етеді. Өйткені, Жәкең-асқан шебер жыршы, ол кісі жырды айтудың өзін шығармашылық деп түсінеді, яғни Жәкең белгілі эпосты жырлаған шақта да импровизация жасап отырады.

Бұған Жәкең жырлаған «Өтеген батырдың» екі нұсқасын салыстыру арқылы көз жеткізуге болады. Бір сюжетке құрылған екі шығарма болып шыққан. Демек, Жамбыл сияқты классик жыршылар эпосты құр жаттап алып айтпайды, олар сюжетті, оқиғалар мен адамдарды жадында сақтайды да, жырлау барысында өз еркінше импровизация жасайды, ал импровизация процесі-шығармашылық процесс, оның өзіндік заңдылығы, әдіс-тәсілдері бар. Жәкең осының бәрін толық меңгерген әрі игерген, сөйтіп, ол импровизаторлық өнердің биік шыңына жеткен»(15-бет).

Мақалады Жамбылдың өткен кезеңі мен жаңа дәуірдегі толғаулары, ақындық өнерінің басым бағыттары мен маңызы, ондағы оқиға-құбылыстар мәні, ойшылдық пен афоризмдік сипаттар, абыздық арналар мен жыраулық үлгілер кең орын алады. Абай мен Жамбылдың адам мұраты мен замана шындығы хақындағы ортақ мұраттары, жалпыадамзаттық мәселелерге қатысты үндестігі танымал туындылары төңірегінде тілге тиек етіледі: «Қазақ әдебиетінің екі үлкен саласы-авторлық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ұлы екі өкілі бір ойды екі тәсілмен, екі үлгіде айтып отыр. Жамбыл-баяғы абыз-жырауларша да, Абай-ойшыл философтарша. Екеуінің де айтып отырғаны-адам заман ағымына жүре бермеуге тиіс, өзінің жағымсыз іс-әрекетін заманға жаппауы керек, әр қаракетіне жауап бере білуге міндетті. Ондай болмаған жағдайда адам өзін адам ретінде сезіне алмайды, оны заман илеп тастайды. Нашар адам уақытқа бейімделіп, бүгін істеген келеңсіз қылығын ертең мезгіл солай болды деп, заманға кінә тағып жүреді. Ал, нағыз адам, кемел тұлға заманға күйлемейді, оның қожасы болады, оны өзі билейді. Адам осындай болу керек,-деген ойды айтады ақындар. Сөйтіп, олар адам және заман, тұлға және тобыр деген мәселеге өз тұрғыларынан келіп, екеуі де адам өз тағдырының иесі, өз ісіне өзі жауапты деген тұжырым жасайды»(23-бет).

Кітапқа енген - «Тоқсанында толғанып...» атты мақала Жамбыл мен оның ақындық өнері төңірегіндегі артық-кем тұстарды, негізсіз көзқарас пен салмақсыз сынның дәйексіз де келеңсіз, өрескел сипаттарын ашудан басталады. Оның басты себеп, сырларына ден қояды: «...Ең алдымен Жамбылдың осы уақытқа дейін біржақты танылып келгені. Оның шығармашылығы көбінесе саяси-идеологиялық тұрғыдан талданды да, Жамбыл негізінен Совет заманы мен социалистік өмірдің жыршысы, советтік патриотизм мен халықтар достығының жаршысы деп бағаланды. Ал Жамбылдың ақындық өнері мен шеберлігі, қазақ әдебиеті мен көркем ойына қосқан үлесі атүсті айтылып, арнай түрде терең зерттелген емес. Оның ақындық табиғаты, импровизаторлық лабораториясы, өзіндік жаңалығы мен фольклорлық дәстүрге қатнасы ашылған жоқ. Жәкең неліктен өзін бірде ақын, бірде жыршы, бірде жырау атаған, осы үшеуінің қайсысы Жамбыл шығармашылығында басым деген мәселелер де қарастырылмай келеді.

Жамбылдың ақын ретінде жан-жақты зерттелмеуінің, толық танылмауының басты себебі - Совет өкіметі тұсындағы тоталитарлық жүйенің тапшыл-партияшыл идеологиясының қыспағы еді. Әдебиет пен өнер, бүкіл мәдениет осы идеологияның бір бөлшегіне айналып, партияға, оның

көсемдеріне, мемлекетке қызмет етті. Әдебиет пен өнер қайраткерлері өмірдің тек күнге жағын ғана суреттеуге, жеке адамның тағдырынан гөрі мемлекет мүддесін жоғары қойып, партиялық әдебиет жасауға мәжбүр болды» (47-бет). Автор Жамбылдың ақындық һәм импровизаторлық өнерін, осының негізінде көрініс беретін-азаттық әуен мен азаматтық пафосты, дарын-талантынан өрістейтін-даналығы мен даралығын, өмірге құштарлығы мен уақыт рухын кеңінен көрсетеді: «Жамбыл өзінің дара тұлға екенін жақсы сезінген және оны поэзиясында өзінің «мені» арқылы айтқан. Ол өзі туралы үш аяда сөйлейді, яғни Жамбылдың «мені» үш түрлі: адамдық (адами) «мен», ақындық «мен» және азаматтық «мен». Алғашқы екеуі Жәкеңнің, әсіресе айтыстарында жарқын көрінеді де, соңғысы толғаулары мен дастандарында көбірек байқалады»(49-бет).

Жамбылдың қоғам мен халық, заман мен өмір тәжірибесі туралы өлең-жыр, толғаулары да нағыз адам, кемел тұлға сипатын айқындап, ол көбінесе кезең-уақыт шындықтарымен сабақтастықта сөз етіледі: «Жамбылдың заман туралы толғаулары - айырықша дүние. Екі ғасырға тең өмір сүрген ол бір-біріне қарама-қарсы екі дәуірді көрді. Екі заманда, екі түрлі қоғамда ғұмыр кешкендіктен Жәкең екеуін салыстыра суреттейді. Ресейдің отарына түскен кезеңді, оның салдарын көзімен көріп, басынан өткізген Жамбыл ол уақытты «сұм заман», «сұр заман» деп атаса, кейінгі Қазақстан одақтық республика болған совет дәуірін «алтын заман», «нұр заман», -дейді, оларды бір-біріне қарсы қоя жырлайды. Екі заманның да «қадір-қасиетін» бағалай білген Жамбыл уақыт адамды билейді деген ұғымды қабылдамайды. Керісінше, ол заманды адам өзіне бағындыра білуге тиіс деген тұжырым жасайды» (53-54 бет).

«Жамбылтанудың келелі мәселелері» атты мақала ұлттық сөз өнерінің тарихын, бағыт-бағдары мен жасалу жолдарын, даму үрдістерін жан-жақты сөз етеді. Басты арналарын, тақырыптық мәні мен жанрлық жүйесін, негізгі принциптерін, көркемдік аспектілерін, шығармашылық тұлғаның құбылысты қырларын да кеңінен көрсетеді. Ұлттық сөз өнері тарихындағы халық әдебиеті, авторлық ауыз әдебиеті мен жазбаша әдебиеттің өзіндік өзгешеліктерін жаңаша бажайлап, Абай мен Жамбыл мұрасына да «...қазақ көзімен қарап, сөз өнеріміздің табиғатынан шығатын заңдылықтар негізінде зерттеу қажеттілігін» кеше-бүгін байланысы негізінде алға тартады (67-бет).

Жамбыл шығармашылығының алыс-жақын елдерге танылуы, кітап-жинақтардан кең орын алуына мән беріледі. Алдағы уақыттарда атқарылатын ғылыми-шығармашылық мәселелерге де назар аударылады. Оның бастылары қатарына - «Библиографиялық көрсеткіш» жасау, «Жамбыл шығармаларының академиялық толық жинағын» бастыру, «Жамбыл» энциклопедиясын дайындау, «Жамбыл тілінің сөздігін» құрастыру сынды ауқымды да келелі істердің ұлт руханиятындағы маңызы, қалың көп үшін де мәнді, кәделі де сауапты тұстары алға тартылады. Түйінді тұста: Ж.Жабаевтың шығармашылық мұрасындағы әлеуметтік-гуманистік сипаттарды, көркемдік-эстетикалық құндылықтарды, мәдени-рухани һәм реалистік мәнін кең түрде ашады: «...Жамбыл - ақын, жырау, жыршы. Жамбыл - ойшыл, тарих куәгері азаттықты жырлаушы. Оның орасан

ақындығы кез келген шығармасынан көрініп тұрады. Көркемсөздің хас шебері ретінде ол небір ғажайып теңеу, метафораларды қолданып, сөзді ойнатады, құбылтады, жаңа сөз оралымдарын жасап, бейнелі тіркестер тудырады, өзіне дейінгі ақын-жыраулар үлгісін пайдалана отырып, оны жаңарта дамытады, сөйтіп өзіндік сөз қолдану мәнерін қалыптастырады. Өзінің осындай шеберлігі мен мол талантын Жамбыл бұрынғы жырауларша мемлекет басшыларына тікелей қарата арнау айтып, елдік, бірлік, татулық, Отанды сүю, қорғау секілді өз кезінде өте актуальді болған мәселелерді көтеруге жұмсаған» (70 бет).

Бұдан байқалатыны, академик С.Қирабаев айтқандай: «...ғалымдық басты ерекшелігі (С.Қасқабасов туралы) - ол екі тілде бірдей жазады: мейлі қазақ тілінде жазсын, мейлі орыс тілінде жазсын, оның еңбектерінің негізгі нысаны - ұлттық фольклортану, әдебиеттану және өнертану мәселелері, ұлттық, халықтық мұраттар. Соңғы жылдары жазған еңбектерінде ол зерттеу объектісін бірсыпыра кеңітіп, Махамбет, Абай, Жамбыл туралы жаңа, соны ойларымен көзге түсті, қазақ сөз өнерін фольклор, авторлық ауыз әдебиеті және жазба әдебиет деп зерттеу қажеттігі туралы жаңа пікірлер ұсынды.

...Ол ұлттық фольклортану, әдебиеттану және өнертану ғылымдарының бас-аяғын жинап, бағыттарын айқындап, жаңа өрлеу сатысына көтерілуіне себепкер болып, қайта жаңғырып жатқан егемен еліміздің өркендеуіне осылайша лайықты үлес қосып келеді» [2,12 б].

Академик С.А.Қасқабасов зерттеу жүйесі еткен – Абай мен Жамбыл шығармалары профессор М. Жолдасбековтың «Кісілік кітабы» еңбегінде де кең түрде қарастырылып, ел әдебиетіндегі орны айқындалады [5, 35; 51 бб]. Бұдан шығатын түйін: академик С.Қасқабасовтың ұлт руханиятындағы екі алып - Абай мен Жамбыл жәйлі еңбектеріндегі көркемдік-рухани арналарға еркін ден қойған тұста, тұғырлы тұлғалар (Абай мен Жамбыл) қазақ сөз өнері тарихын әр қырынан байытып, ақындық Һәм жырау-жыршылық дәстүрді жаңашылдық сипаттармен биік белес, кең өріске шығарғаны, тақырыптық-жанрлық жағынан түрлендіргені, поэзиялық Һәм қарасөз мұраларымен халықтық дәстүр мен дүниетаным иірімдерін, дін мен діл, тарих пен таным, тіл мұратын айқындағаны, ағартушылық-демократтық бағытты ұстанып, адами мүдде мен азаматтық ұстанымды, елдік-ерлік шежірені, мәдени-рухани салаларды - алашшыл-азатшыл жүрекпен сезініп, елшіл-қоғамшыл белгі-ерекшеліктерімен танылып, қайраткер-қаламгер Һәм даңқты ақын, танымал ойшыл ретінде абыроймен атқарғаны, қазыналы әлемге ай

Екіншіден, қазақ асыл сөзіндегі екі алып - Абай мен Жамбыл жөніндегі зертеу мен зерделеулерден - ұлттық ақындық өнердің асқақ даңқын әдеби үдеріс аясында, дәлелді дәйектемелер негізінде, тақырыптық ерекшелік пен жанрлық жүйе, герменевтикалық принциптер мен композиция мәні, дәстүр мен сабақтастық сырлары, көркемдік-эстетикалық таным мен парасат-пайым эстетикасы арқылы жіті танып, жан-жақты талдағаны танылады.

Үшіншіден, халық мұрасындағы жырау-жыршылық дәстүрді әуелгі түп-негізі, әлуметтік функциясы, тарихи-мәдени аспектісі мен көркемдік - стильдік

құбылыстары, табиғаты мен тағылымы тұрғысынан танып-талдап, біліми-ғылыми бағытта зерттеп-зерделеп, кең көлемде қарастырады.

Төртіншіден, ұлт руханиятының асқақ даңқы, әдебиет әлемінің айбыны мен айдыны, тұғырлы тұлғалары - Абай мен Жамбылдың есімі мен еңбегі кеше-бүгін тұрғысынан телқабыс, сабақтастықта сөз етіліп, асыл арналары, басты бағыттары, көркемдік-рухани қырлары, ортақ мұраттары мен түйінді тұстары, үндестік сипаттары кең түрде ашылып, қазіргі кезеңдегі көкейкесті мәселелері де айрықша маңыз- мәнге ие болады.

Бесіншіден, Абай әлемі мен Жамбыл мұрасы қоғамдық құбылыстар мен кезең көріністері, уақыт пен кеңістік, шығармашылық еңбектерінің қыр-сырымен кең көлемде қарастырылып, басты бағыт, тақырыптық ерекшелік, көркемдік арналар, мәдени-рухани құндылық, эстетикалық таным-талғам сынды түйінді тұстары жүйелі зерттеп-зерделеніп, сабақтастықта сөз ету негізінде әр алуан толғам-толғаныс, терең талдау мен таразылау, түрлі салыстыру-салғастырулар жасалып, нәтижесінде маңызды мәселе мен құнды көзқарас білдіріліп, келелі жәйттер мен өзекті ойлар қозғалады. Арғы-бергі тарих, кеше-бүгін байланысы да әдеби-фольклорлық аспектіде, деректік-көркемдік негізде, эстетикалық құндылықтар аясында кең өріс алады.

Алтыншыдан, бастысы әрине ұлт мақтаныштары – Абай мен Жамбылдың өмірі мен шығармашылық мұрасы, әдеби ортасы мен кезең көріністері, ортақ-үндес сипаттары, ұлылық ұлағатының сырлары кеңінен қарастырылады.

Тұтастай алғанда, академик С.Қасқабасовтың ұлт руханиятының қазыналы биігі - Абай мен Жамбыл туралы мақалалары мен сұхбаттары біліми-ғылыми ізденістердің жинақы да жүйелі көрінісі, қазақ сөз өнерінің тұғырлы тұлғалары хақындағы зерттеу мен зерделеулердің үздік үлгісі, кеше- бүгін байланысының бүтін болмысы мен бейнелі бедері.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd- ЖШС, 2005. – 576 б.
2. Қасқабасов С. Таңдамалы. 2-том. – Астана: Фолиант, 2014. – 344 б.
3. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
4. Әуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Монография. 20 томдық шығармалар жинағы. 20-том. - Алматы: Жазушы, 1985. – 11, 15 бет.
5. Жолдасбеков М. Кісілік кітабы. Мақалалар, ой-толғамдар. – Нұр-Сұлтан: Күлтегін, 2022. – 400 б.